

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ  
КОМИССИЯСЫ**

**«Салықтық әкімшілендірудің тиімділігі, жергілікті бюджетке салық және басқа да міндетті түсімдердің толықтығы мен уақтылығы» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ  
2025 жыл**

## МАЗМҰНЫ

### I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: .....
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: .....
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: .....
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: .....

### II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: .....
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: .....

### III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: .....
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар: .....
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.....
- 3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, қалпына келтірілген және өндірілген сомалардың құжаттары.

**«Салықтық әкімшілендірудің тиімділігі, жергілікті бюджетке салық және басқа да міндетті түсімдердің толықтығы мен уақтылығы» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**I. Кіріспе бөлік**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Салықтық әкімшілендірудің тиімділігі, жергілікті бюджетке салық және басқа да міндетті түсімдердің толықтығы мен уақтылығы».

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:** Салықтық әкімшілендірудің тиімділігі.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісі:** Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті «Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Абай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2021 - 31.12.2024 жылдар аралығы.

**II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

**2.1. Өңірлік бөліністе аудиттелетін саланың ағымдағы жай-күйін жиынтық талдау.**

Аудит объектісі, Басқарма - салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы және уақыттылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органы болып табылады.

Шымкент қаласы республикамыздың оңтүстігінде орналасқан ірі өнеркәсіптік, сауда және мәдени орталықтарының бірі саналады, халық саны жағынан ел агломерациясын құрайды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілген. Қазіргі уақытта қала бес әкімшілік ауданға Абай, Әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау, Тұран аудандарына бөлінген.

Абай ауданының әкімшілік-аумақтық көлемі 497,04 км<sup>2</sup> шаршы км. Шымкент қаласы бойынша Абай ауданы әкімшілік-аумақтық бірлігінің көлемінің үлкендігі бойынша бірінші аудан.

Халық саны 2021 жылдың 01 қаңтарына 289 387 адам болса, 2022 жылдың басына 299 387 адам немесе халық өсімі 3,4% тең, 2023 жылы 1 қаңтарына халық

саны 322 911 адам немесе халық өсімі 7,8% тең, Ал, 2024 жылы 1 қаңтарына халық саны 356 147 адам немесе халық өсімі 7,8% тең.

Басқарманың салық есептілігінде 2022 жылдың 01 қаңтарына 2079 заңды тұлғалар және 190 784 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 4767 жеке кәсіпкерлер, 2 адвокатура, 19 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 186 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1195.

2023 жылдың 1 қаңтарына Басқармада 2549 заңды тұлғалар, 203184 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 7784 жеке кәсіпкерлер, 7 адвокат, 20 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 193 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1 241.

2024 жылдың 1 қаңтарына Басқармада 3628 заңды тұлғалар, 262230 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 15664 жеке кәсіпкерлер, 14 адвокат, 29 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 201 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1 297.

2025 жылдың 1 қаңтарына Басқармада 4469 заңды тұлғалар, 306495 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 25264 жеке кәсіпкерлер, 15 адвокат, 39 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 219 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1 368.

Абай ауданы бойынша жергілікті бюджетке 2021 жылы 24 108 357,0 мың теңге, 2022 жылы 30 745 437,0 мың теңге, 2023 жылы 36 968 173,0 мың теңге және 2024 жылы 37 643 701,0 мың теңге кірістер түскен.

Аудит объектісінің міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттік заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

2) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уактылы түсуін қамтамасыз ету;

3) өз құзыреті шегінде халықаралық актілердің, Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уактылығын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау жатады.

Функциялары:

1) салық заңнамасының сақталауын бақылау;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіпте халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;

3) басқарма құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;

5) салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйені қолданумен электрондық қызмет көрсету;

8) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

9) тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру;

12) хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

13) есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістерді (активтерді, міндеттемелерді, айналымды, шығындарды, шығыстарды) негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау;

14) салық міндеттемесінің туындауына, орындалуына және тоқтатылуына байланысты мәселелер бойынша түсіндірулерді жүзеге асыру және түсініктер беру;

15) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің тиісті органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;

16) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен анықталған тәртіпте жеке тұлғалардан берешекті өндіру туралы салық бұйрығын шығару;

17) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешімдерді, сондай-ақ салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгертуден бас тарту туралы шешімдерді қабылдау;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Аудит объектісі, Басқарма - салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы және уақыттылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органы болып табылады.

Шымкент қаласы республикамыздың оңтүстігінде орналасқан ірі өнеркәсіптік, сауда және мәдени орталықтарының бірі саналады, халық саны жағынан ел агломерациясын құрайды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен Шымкент

қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілген. Қазіргі уақытта қала бес әкімшілік ауданға Абай, Әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау, Тұран аудандарына бөлінген.

Абай ауданының әкімшілік-аумақтық көлемі 497,04 км<sup>2</sup> шаршы км. Шымкент қаласы бойынша Абай ауданы әкімшілік-аумақтық бірлігінің көлемінің үлкендігі бойынша бірінші аудан.

Халық саны 2021 жылдың 01 қаңтарына 289 387 адам болса, 2022 жылдың басына 299 387 адам немесе халық өсімі 3,4% тең, 2023 жылы 1 қаңтарына халық саны 322 911 адам немесе халық өсімі 7,8% тең, Ал, 2024 жылы 1 қаңтарына халық саны 356 147 адам немесе халық өсімі 7,8% тең.

Басқарманың салық есептілігінде 2022 жылдың 01 қаңтарына 2079 заңды тұлғалар және 190 784 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 4767 жеке кәсіпкерлер, 2 адвокатура, 19 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 186 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1195.

2023 жылдың 1 қаңтарына Басқармада 2549 заңды тұлғалар, 203184 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 7784 жеке кәсіпкерлер, 7 адвокат, 20 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 193 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1 241.

2024 жылдың 1 қаңтарына Басқармада 3628 заңды тұлғалар, 262230 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 15664 жеке кәсіпкерлер, 14 адвокат, 29 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 201 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1 297.

2025 жылдың 1 қаңтарына Басқармада 4469 заңды тұлғалар, 306495 жеке тұлғалар тіркелген. Оның ішінде 25264 жеке кәсіпкерлер, 15 адвокат, 39 нотариус бар. Әрекетсіз заңды тұлғалардың саны 219 болса, әрекетсіз жеке кәсіпкерлер саны 1 368.

Абай ауданы бойынша жергілікті бюджетке 2021 жылы 24 108 357,0 мың теңге, 2022 жылы 30 745 437,0 мың теңге, 2023 жылы 36 968 173,0 мың теңге және 2024 жылы 37 643 701,0 мың теңге кірістер түскен.

Аудит объектісінің міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттік заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

2) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

3) өз құзыреті шегінде халықаралық актілердің, Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау жатады.

Функциялары:

2) салық заңнамасының сақталауын бақылау;

- 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіпте халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;
- 3) басқарма құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;
- 5) салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру;
- 6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру;
- 7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйені қолданумен электрондық қызмет көрсету;
- 8) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 9) тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру;
- 12) хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;
- 13) есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістерді (активтерді, міндеттемелерді, айналымды, шығындарды, шығыстарды) негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау;
- 14) салық міндеттемесінің туындауына, орындалуына және тоқтатылуына байланысты мәселелер бойынша түсіндірулерді жүзеге асыру және түсініктер беру;
- 15) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің тиісті органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;
- 16) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен анықталған тәртіпте жеке тұлғалардан берешекті өндіру туралы салық бұйрығын шығару;
- 17) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешімдерді, сондай-ақ салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгертуден бас тарту туралы шешімдерді қабылдау;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Болжамды көрсеткіштердің орындалуын жылдар бөлінісінде талдау.

### 2021, 2022, 2023 және 2024 жылдың жергілікті бюджетке салықтың және басқа міндеттемелердің жоспарлануы мен орындалуы туралы жиынтық

№ р/с	Салықтың атауы	2021 жыл (мың теңге)			2022 жыл (мың теңге)		
		Жоспар	Нақты түсімдер	Орындалуы, %	Жоспар	Нақты түсімдер	Орындалуы, %
1	Салықтық түсімдер	22 485 011,0	23 481 983,0	104	28 239 209,0	29 853 638,0	106
2	Салықтық емес түсімдер	162 958,0	158 049,0	97	525 943,0	394 187,0	75
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	439 230,0	468 324,8	107	474 105,0	497 612,0	105
	<b>Барлығы:</b>	<b>23 807 199,0</b>	<b>24 108 357,0</b>	<b>104</b>	<b>29 239 257,0</b>	<b>30 745 437,0</b>	<b>105</b>

№ р/с	Салықтың атауы	2023 жыл (мың теңге)			2024 жыл (мың теңге)		
		Жоспар	Нақты түсімдер	Орындалуы, %	Жоспар	Нақты түсімдер	Орындалуы, %
1	Салықтық түсімдер	33 978 829,0	35 313 566,0	104	31 205 144,0	31 646 100,0	101
2	Салықтық емес түсімдер	836 148,0	865 684,0	104	1 144 124,0	1 098 506,0	96
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	742 999,0	788 923,0	106	4 158 641,0	4 899 095,0	118
	<b>Барлығы:</b>	<b>35 557 976,0</b>	<b>36 968 173,0</b>	<b>104</b>	<b>36 507 909,0</b>	<b>37 643 701,0</b>	<b>103</b>

2021 жылы Абай ауданы бойынша түсімдердің болжамды жоспары 23 807 199,0 мың теңгені құраған. Түсімдердің нақты мөлшері 24 108 357,0 мың теңгені құрап, жоспар 301 158,0 мың теңгеге немесе 101,2%-ға артық орындалған. Түсімдердің жалпы көлемінде салықтық түсімдердің үлесі 97,4% немесе

23 481 983,0 мың теңгені, салықтық емес түсімдер 0,6% немесе 158 049,0 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 1,9% немесе 468 324,8 мың теңгені құраған.

2021 жылы аудандық бюджетке түсетін салықтық түсімдерден жоспардағы 22 485 011,0 мың теңгенің орнына 23 481 983,0 мың теңге түсіп, жоспар 104,4%-ға орындалған.

Жалпы салықтық түсімдердегі 25 кіріс көзінің, 18-і бойынша жоспар асыра орындалса, 7 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көздері:

- «Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық» бойынша жоспар – 1 009 357,0 мың теңге, нақты орындалуы – 956 007,0 мың теңге, орындалғаны 95% немесе 53 350,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отыны» бойынша жоспар – 68 898,0 мың теңге, нақты орындалуы – 68 152,0 мың теңге, орындалғаны 99% немесе 746,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар – 23,0 мың теңге, нақты орындалуы – 18,0 мың теңге, орындалғаны 77% немесе 5,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым» бойынша жоспар – 21 122,0 мың теңге, нақты орындалуы – 19 133,0 мың теңге, орындалғаны 91% немесе 1 4989,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат бергені немесе ұзартқаны үшін алым» бойынша жоспар – 6 358,0 мың теңге, нақты орындалуы – 5 450,0 мың теңге, орындалғаны 86% немесе 908,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Тіркелген салық» бойынша жоспар – 76,0 мың теңге, нақты орындалуы – 73,0 мың теңге, орындалғаны 96% немесе 3,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Жергілікті бюджетке есептелетін мемлекеттік баж» бойынша жоспар – 153 527,0 мың теңге, нақты орындалуы – 150 346,0 мың теңге, орындалғаны 98% немесе 3 181,0 мың теңгеге кем орындалған;

Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің 84%-дан астамы ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын табыстардан алынатын жеке табыс салығы және жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан құралады.

Оның ішінде, салықтық түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін - «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда» - 6 054 232,0 мың теңгені, «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан алынатын жеке табыс салығы» - 6 757 660,0 мың теңгені, және «Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық» - 1 224 794,0 мың теңгені құраған.

2021 жылы аудан бюджетіне түсетін салықтық емес түсімдер жоспары 162 958,0 мың теңгені құраса, жыл қорытындысымен 158 048,5 мың теңге орындалған немес орындалуы 96,9%-ды құраған.

Салықтық емес түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» - 14,9% (23 597,0 мың теңге), «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» - 44,7% (70 695,0 мың теңге) және «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» - 15,7% (24 833,0 мың теңге) құрайды.

Осы салықтық емес түсімдердегі 15 кіріс көзінің, 7-і бойынша жоспар орындалып, 10 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көздері:

- «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» бойынша жоспар – 4 631,0 мың теңге, нақты орындалуы 4 537,0 мың теңге, орындалғаны 98% немесе 94,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» бойынша жоспар – 27 656,0 мың теңге, нақты орындалуы 23 597,0 мың теңге, орындалғаны 85% немесе 4 059,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Қаржы агенттіктеріне ішкі көздер есебінен жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша жоспар – 76,0 мың теңге, нақты орындалуы 0,0 мың теңге, орындалғаны 0% немесе 76,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен заңды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша жоспар – 154,0 мың теңге, нақты орындалуы 0,0 мың теңге, орындалғаны 0% немесе 154,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Коммуналдық меншігіне жататын жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемақы» бойынша жоспар – 4 416,0 мың теңге, нақты орындалуы 3 936,0 мың теңге, орындалғаны 89% немесе 480,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі» бойынша жоспар – 243,0 мың теңге, нақты орындалуы 225,0 мың теңге, орындалғаны 93% немесе 18,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар – 257,0 мың теңге, нақты орындалуы 251,0 мың теңге, орындалғаны 98% немесе 6,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар – 8 782,0 мың теңге, нақты орындалуы 7 979,0 мың теңге, орындалғаны 91% немесе 803,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы» бойынша жоспар –1 061,0 мың теңге, нақты орындалуы 700,0 мың

теңге, орындалғаны 66% немесе 361,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бойынша жоспар – 8 609,0 мың теңге, нақты орындалуы 3 971,0 мың теңге, орындалғаны 46% немесе 4 638,0 мың теңгеге кем орындалған;

Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдер 439 230,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 468 324,8 мың теңге немесе 106,6%. Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер» - 89,2% (418 158,0 мың теңге) мен «Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем» - 9,6% (44 976,0 мың теңге) құраған.

Осы негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердегі 4 кіріс көзінің, 4 бойынша жоспар орындалған.

2022 жылға жалпы түсімдердің болжамдағы жоспары 29 239 257,0 мың теңгені құраса, нақты орындалғаны 30 745 437,0 мың теңге (105%) немесе 1 506 180,0 мың теңгеге асыра орындалған. 2022 жылы салықтық түсімдердің жоспарындағы 28 239 209,0 мың теңгегенің орнына 29 853 638,0 мың теңге түсіп, жоспар 1 614 429,0 мың теңгеге артық немесе 102,0%-ға орындалған.

Жалпы салықтық түсімдердегі 24 кіріс көзінің, 23-і бойынша жоспар асыра орындалса, 1 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көзі:

- «Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы» бойынша жоспар – 149 929,0 мың теңге, нақты орындалуы – 144 909,0 мың теңге, орындалмауы 97% немесе 5 020,0 мың теңге орындалмаған.

Салықтық түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» - 23,4% (7 224 025,0 мың теңге), «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан алынатын жеке табыс салығы» - 27,6% (8 507 963,0 мың теңге) мен «Әлеуметтік салық» - 21% (6 510 963 мың теңге) құрайды.

Салықтық емес түсімдер 525 943,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 394 187,0 мың теңге немесе 1 403,0 мың теңгеге орындалмаған. Салықтық емес түсімдердегі 14 кіріс көзінің, 2-і бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көздері:

- «Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен заңды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша жоспар – 14,0,0 мың теңге, нақты орындалуы – 13,9,0 мың теңге, орындалмауы 99% немесе 1,0 мың теңгеге орындалмаған;

- «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар – 8260 763,0 мың теңге, нақты орындалуы – 119 821,0 мың теңге, орындалмауы 46% немесе 140 942,0 мың теңгеге орындалмаған;

Салықтық емес түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» - 0,4% (142 340,0 мың теңге) және «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» - 0,1% (33 967,0 мың теңге) құраған.

2022 жылы негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдер 474 105,0 мың теңгеге жоспарланып, 01.01.2023 жылғы жағдайға нақты орындалуы 497 612,0 мың теңге немесе 105%.

Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер» - 95,7% (470 612,0 мың теңге) мен «Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем» - 4,9% (24 472,0 мың теңге) құраған.

2023 жылға жалпы түсімдердің болжамдағы жоспары 35 557 976,0 мың теңгені құраса, нақты орындалғаны 36 968 173,0 мың теңге (104%) немесе 1 334 737,0 мың теңгеге асыра орындалған. 2023 жылы салықтық түсімдердің жоспарындағы 33 978 819,0 мың теңгегенің орнына 35 313 556,0 мың теңге түсіп, жоспар 1 337 737,0 мың теңгеге артық немесе 104,0%-ға орындалған.

Жалпы салықтық түсімдердегі 24 кіріс көзінің, 20-і бойынша жоспар асыра орындалса, 4 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көзі:

- «ҚР аумағында өндірілген спирттің және (немесе) шарап материалдарының, алкоголь өнімінің барлық түрлеріне акциздер» бойынша жоспар – 6 898,0 мың теңге, нақты орындалуы – 6 823,0 мың теңге, орындалмауы 99% немесе 75,0 мың теңге орындалмаған.

- «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар – 3,0 мың теңге, нақты орындалуы – 2,8 мың теңге, орындалмауы 99% немесе 0,2 мың теңге орындалмаған.

- «Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы» бойынша жоспар – 86 787,0 мың теңге, нақты орындалуы – 82 717,0 мың теңге, орындалмауы 95% немесе 4 070,0 мың теңге орындалмаған.

- «Республикалық маңызы бар қалада және Астанада үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы» бойынша жоспар – 93 473,0 мың теңге, нақты орындалуы – 90 370,0 мың теңге, орындалмауы 97% немесе 3 103,0 мың теңге орындалмаған.

Салықтық түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» - 11,7% (4 161 484,0 мың теңге), «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан алынатын жеке табыс салығы» - 20,8% (7 346 827,0 мың теңге) мен «Әлеуметтік салық» - 18,7% (6 605 063,0 мың теңге) құрайды.

2023 жылы салықтық емес түсімдердің жоспарындағы 836 148,0 мың теңгегенің орнына 865 684,0 мың теңге түсіп, жоспар 29 536,0 мың теңгеге артық немесе 103,5%-ға орындалған.

Салықтық емес түсімдердегі 17 кіріс көзінің, 3-і бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көздері:

- «Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен заңды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша жоспар – 13,0,0 мың теңге, нақты орындалуы – 0,0 мың теңге, орындалмауы 100%;

- «Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер» бойынша жоспар – 1 208,0 мың теңге, нақты орындалуы – 0,0 мың теңге, орындалмауы 100%.

- «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар – 280 999,0 мың теңге, нақты орындалуы – 238 897,0 мың теңге, орындалмауы 15% немесе 42 102,0 мың теңгеге орындалмаған;

Салықтық емес түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» - 17,8% (154 681,0 мың теңге) және «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» - 23,6% (204 699,0 мың теңге) құраған. 2023 жылы негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдер 742 999,0 мың теңгеге жоспарланып, 01.01.2024 жылғы жағдайға нақты орындалуы 788 923,0 мың теңге немесе 106%.

Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердегі 4 кіріс көзінің, 1-і бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көздері:

- «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй-жайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер» бойынша жоспар – 886,0 мың теңге, нақты орындалуы – 663,0 мың теңге, орындалмауы 25,2% немесе 223,0,0 мың теңгеге орындалмаған.

Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер» - 93% (733 946,0 мың теңге) құраған.

2024 жылы аудандық бюджетке түсетін салықтық түсімдерден жоспардағы 36 507 909,0 мың теңгенің орнына 37 643 701,0 мың теңге түсіп, жоспар 103%-ға орындалған.

Жалпы салықтық түсімдердегі 24 кіріс көзінің, 16-і бойынша жоспар асыра орындалса, 8 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көздері:

- «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, ірі кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалардан корпоративтік табыс салығы» бойынша жоспар – 4 115 074,0 мың теңге, нақты орындалуы – 4 023 381,0 мың теңге, орындалғаны 98% немесе 91 693,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан алынатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар – 4 911 985,0 мың теңге, нақты орындалуы – 4 876 904,0 мың теңге, орындалғаны 99% немесе 35 081,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Төлем көзінен салық салынбайтын шетел азаматтарының табыстарынан

алынатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар – 148 769,0 мың теңге, нақты орындалуы – 147 904,0 мың теңге, орындалғаны 99% немесе 865,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық» бойынша жоспар – 1 718 958,0 мың теңге, нақты орындалуы – 1 698 994,0 мың теңге, орындалғаны 99% немесе 19 964,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің және (немесе) шарап материалының, алкоголь өнімінің барлық түрлері» бойынша жоспар – 31,0 мың теңге, нақты орындалуы – 29,0 мың теңге, орындалғаны 96% немесе 2,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Республикалық маңызы бар қалада, астанада үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы» бойынша жоспар – 51 332,0 мың теңге, нақты орындалуы – 50 596,0 мың теңге, орындалғаны 99% немесе 736,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат бергені немесе ұзартқаны үшін алым» бойынша жоспар – 1 315,0 мың теңге, нақты орындалуы – 1 226,0 мың теңге, орындалғаны 93% немесе 89,0 мың теңгеге кем орындалған;

- «Жергілікті бюджетке есептелетін мемлекеттік баж» бойынша жоспар – 1 846 838,0 мың теңге, нақты орындалуы – 1 762 028,0 мың теңге, орындалғаны 95% немесе 84 811,0 мың теңгеге кем орындалған.

Салықтық түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін - «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан алынатын жеке табыс салығы» - 6 054 232,0 мың теңгені және «Әлеуметтік салық» - 7 832 666,0 мың теңгені құраған.

2024 жылы аудан бюджетіне түсетін салықтық емес түсімдер жоспары 1 144 124,0 мың теңгені құраса, жыл қорытындысымен 1 098 506,0 мың теңге орындалған немес, орындалуы 96%-ды құраған.

Салықтық емес түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» - 32,5% (357 504,0 мың теңге), «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер» - 22,5% (247 375,0 мың теңге) және «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» - 16,4% (180 358,0 мың теңге) құрайды.

Осы салықтық емес түсімдердегі 16 кіріс көзінің, 15-і бойынша жоспар орындалып, 1 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған. Орындалмаған кіріс көздері:

- «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар – 4 596,0 мың теңге, нақты орындалуы 3 487,0 мың теңге, орындалғаны 76% немесе 1109,0 мың теңгеге кем орындалған;

Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдер 4 158 641,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 4 899 095,0 мың теңге немесе 117,8%. Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердің жалпы көлемінің негізгі үлесін «Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер» - 86,3% (4 229 475,0 мың теңге) мен «Жер

учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем» - 12,5% (617 148,0 мың теңге) құраған.

Осы негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердегі 5 кіріс көзінің, 5 бойынша жоспар орындалған.

Болжамды көрсеткіштердің және салық түсімдерінің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын талдау.

**2021, 2022, 2023 және 2024 жылдары жергілікті бюджетке салықтың және басқа міндеттемелердің жоспарлануы және орындалуы туралы салыстырмалы мәлімет**

р/с	Салықтың атауы	2021 жыл, мың теңге		2022 жыл, мың теңге		Жоспардың ауытқуы (5 бағ – 3 бағ)	Нақты түсімдердің ауытқуы (6 бағ – 4 бағ)
		Жоспар	Нақты түсімдер	Жоспар	Нақты түсімдер		
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Салықтық түсімдер	22 485 011,0	23 481 983,0	28 239 209,0	29 853 638,0	5 754 198,0	6 371 655,0
2	Салықтық емес түсімдер	162 958,0	158 049,0	525 943,0	394 187,0	362 985,0	236 138,0
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	439 230,0	468 324,8	474 105,0	497 612,0	34 875,0	29 287,2
4	Барлығы:	23 807 199,0	24 108 357,0	29 239 257,0	30 745 437,0	6 152 058,0	6 637 080,2

2023 жыл, мың теңге		2024 жыл, мың теңге		Жоспардың ауытқуы (9 бағ – 5 бағ)	Нақты түсімдердің ауытқуы (10 бағ – 6 бағ)	Жоспардың ауытқуы (11 бағ – 9 бағ)	Нақты түсімдердің ауытқуы (12 бағ – 10 бағ)
Жоспар	Нақты түсімдер	Жоспар	Нақты түсімдер				
9	10	11	12	13	14	15	16
33 978 829,0	35 313 566,0	31 205 144,0	31 646 100,0	5 739 620,0	5 459 928,0	- 2 773 685,0	- 3 667 466,0
836 148,0	865 684,0	1 144 124,0	1 098 506,0	310 205,0	471 497,0	307 976,0	232 822,0

742 999,0	788 923,0	4 158 641,0	4 399 095,0	268 894,0	291 311,0	3 415 642,0	4 110 172
35 557 976,0	36 968 173,0	36 507 909,0	37 643 701,0	6 318 719,0	6 222 736,0	949 933,0	675 528,0

Шымкент қаласының Абай ауданы бойынша жалпы түсімдердің болжамды жоспары 2021 жылы 23 807 199,0 мың теңгені, 2022 жылы 28 239 209,0 мың теңгені, 2023 жылы 33 978 829,0 мың теңгені және 2024 жылға 31 205 144,0 мың теңгені құраған.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылғы жоспар 4 432 010,0 мың теңгеге, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылғы жоспар 5 739 620,0 мың теңгеге артқан, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы жоспар 2 773 685,0 мың теңгеге азайған.

Жалпы түсімдердің нақты орындалуы 2021 жылы 23 108 357,0 мың теңгені, 2022 жылы 30 745 437,0 мың теңгені, 2023 жылы 36 968 173,0 мың теңгені, ал 2024 жылы 37 643 701 мың теңгені құраған.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы түсімдер 7 637 080,0 мың теңгеге, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы түсімдер 6 222 736,0 мың теңгеге, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы түсімдер 675 528,0 мың теңгеге көбейді.

Салықтық түсімдердің болжамды жоспары 2021 жылға 22 485 011,0 мың теңгені, 2022 жылға 28 239 209,0 мың теңгені, 2023 жылға 33 978 829,0 мың теңгені және 2024 жылға 31 205 144,0 мың теңгені құраған.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылғы жоспар 5 754 198,0 мың теңгеге, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылғы жоспар 5 739 620,0 мың теңгеге артқан, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы жоспар 2 773 685,0 мың теңгеге немесе 13,1% -ға азайған.

Салықтық түсімдердің нақты орындалуы 2021 жылы 23 481 983,0 мың теңгені, 2022 жылы 29 853 638,0 мың теңгені орындалуы, 2023 жылы 35 313 566,0 мың теңгені, ал 2024 жылы 31 646 100,0 мың теңгені құраған.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы түсімдер 6 371 655,0 мың теңгеге, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылғы жоспар 5 459 928,0 мың теңгеге артқан, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы жоспар 3 667 466,0 мың теңгеге немесе 10,3% -ға азайған.

Салықтық емес түсімдердің болжамды жоспары 2021 жылға 162 958,0 мың теңгені, 2022 жылға 525 943,0 мың теңгені, 2023 жылға 836 148,0 мың теңгені және 2024 жылға 1 144 124,0 мың теңгені құраған.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы салықтық емес түсімдер 362 985,0 мың теңгеге, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылғы жоспар 310 205,0 мың теңгеге, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы жоспар 307 976,0 мың теңгеге немесе 26,9% -ға көбейді.

Салықтық емес түсімдердің нақты орындалуы 2021 жылы 158 049,0 мың теңгені, 2022 жылы 394 187,0 мың теңгені, 2023 жылы 865 684,0 мың теңгені, ал 2024 жылы 1 098 506,0 мың теңгені құраған. 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы салықтық емес түсімдердің нақты орындалуы 236 138,0 мың теңгеге, 2022

жылмен салыстырғанда 2023 жылғы 471 497,0 мың теңгеге, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы 232 822,0 мың теңгеге немесе 26,8% -ға көбейді.

Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердің болжамды жоспары 2021 жылға 439 230,0 мың теңгені, 2022 жылға 474 105,0 мың теңгені, 2023 жылға 742 999,0 мың теңгені және 2024 жылға 4 158 641,0 мың теңгені құраған.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы негізгі капиталдан сатудан түсетін болжамды жоспары 34 875,0 мың теңгеге, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылғы жоспар 268 894,0 мың теңгеге, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы жоспар 3 415 642,0 мың теңгеге немесе 459,7% -ға көбейді.

Негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердің нақты орындалуы 2021 жылы 468 324,8,0 мың теңгені, 2022 жылы 497 612,0 мың теңгені, 2023 жылы 788 923,0 мың теңгені, ал 2024 жылы 4 899 095,0 мың теңгені құраған.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдердің нақты орындалуы 29 287,2 мың теңгеге, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылғы 291 311,0 мың теңгеге, ал 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы 4 110 172,0 мың теңгеге немесе 620% -ға көбейді.

### **Жергілікті бюджетке түсетін салық және басқа да міндетті түсімдердің толықтығы мен уақтылығы.**

2.1. Жергілікті бюджетке түсетін салықтар және басқа да міндетті түсімдерді талдау.

2021 жылы Абай ауданы бойынша бюджетке түскен түсімдердің нақты мөлшері 24 108 357,2 мың теңгені құрап, жоспар 301 159,0 мың теңгеге немесе 1,2%-ға артық орындалған.

Түсімдердің жалпы көлемінде салықтық түсімдердің үлесі 97,5% немесе 23 481 983.00 мың теңгені, салықтық емес түсімдер 0,6% немесе 158 049.0 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 1,9% немесе 468 324,8 мың теңгені құраған.

2021 жылы жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдерден жоспардағы 22 485 011,0 мың теңгенің орнына 23 481 983.00 мың теңге түсіп, жоспар 104%-ға орындалған.

Жергілікті бюджетке түсетін салықтар және басқа да міндетті түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштерді асыра орындау келесі салықтар және түсімдер бойынша жоспардан артық түскен түсімдердің есебінен қамтамасыз етілген, оның ішінде:

- БСК 101111 - «Мұнай секторының ірі кәсіпорындары мен ұйымдарының қол жетімділігін қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» 2021 жылы 5 523 393,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 6 054 232,0 мың теңге немесе 109,6% құраған.

- БСК 101201 - «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» 2021 жылы 6 531 668,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 6 757 660,0 мың теңге немесе 103% құраған.

- БСК 101202 - «Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» 2021 жылы 445 013,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 453 351,0 мың теңге немесе 102% құраған.

- БСК 101205 – «Төлем көзінен салық салынбайтын шетел азаматтарының табыстарынан алынатын жеке табыс салығы» 2021 жылы 114 360,00 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 115 739,0 мың теңге немесе 101% құраған.

- БСК 104102 - «Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық» 2021 жылы 547 832,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 580 783 мың теңге немесе 106% құраған.

- БСК 104302 - «Жер салығы» 2021 жылы 157 844,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 184 413,0 мың теңге немесе 117% құраған.

- БСК 104402 - «Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық» 2021 жылы 1 164 002,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 1 225 794,0 мың теңге немесе 105% құраған.

- БСК 104501 - «Бірыңғай жер салығы» 2021 жылы 1199,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 1 204,7 мың теңге немесе 100,5% құраған.

- БСК 105274 - «Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің және (немесе) шарап материалының, алкоголь өнімінің барлық түрлері» 2021 жылы 19 753,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 23 148,0 мың теңге немесе 117% құраған.

- БСК 105304 - «Орманды пайдалану ақысы» 2021 жылы 57,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 64,0 мың теңге немесе 111% құраған.

- БСК 105315 - «Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы» 2021 жылы 98 924,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 100 892,0 мың теңге немесе 102% құраған.

- БСК 105429 - «Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем» 2021 жылы 318081,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты орындалуы 326 803,0 мың теңге немесе 103% құраған.

